

бағытталады. *K-1* төменгі жағында газдар күйеден және кокстен ауыр сіңіргіш маймен жуылады, ал жоғарғы жағында – онда жіберілетін жеңіл сіңіргіш майдың булануы есебінен салқындайды. Бұл кезде ауыр шайырдың конденсациясы жүреді.

K-1-ден пиролиз газдары жеңіл майлар мен су буларының конденсациясы жүретін *XK-1* сулы конденсатор-салқындатқыштарға түседі. *C-1* сепараторында жеңіл май конденсаты мен су пиролиз газдарынан бөлінеді, одан әрі компрессиялау, газды тазалау және газды бөлу блоктарына түседі.

Ауыр сіңіргіш май *K-1* түбінен *H-1* сорғысымен *Ф-1* сүзгісіне айдалады, ол күйе мен кокстен тазалау үшін қажет. Тазартылған май екі ағынға бөлінеді, оның бірі *K-1* төменгі бөлігін байыту үшін бағытталады, ал екіншісі - 70°C дейін салқындатылып, *E-1*-ге жіберіледі. Құрамында *K-1*-де ұсталған пиролиздің ауыр шайыры болатын, ауыр сіңіргіш майдың бір бөлігі қоймаға немесе шайырды өңдеу бөліміне жіберіледі.

Жеңіл май және су буының конденсаты *C-1*-ден өздігінен *C-2* келіп түседі, онда майдың конденсаттан бөлінуі жүреді. Құрамында жеңіл пиролиз шайыры болатын жеңіл май екі ағынға бөлінеді. Ағынның бірі *K-1*-дің жоғарғы бөлігін байыту үшін қайтарылады, ал екіншісі - *K-2* буландырғыш бағанаға жіберіледі. *K-2*-де майдан, су буымен буландыру арқылы C_4 және төменгі – жеңіл көмірсутектер бөлінеді, олар одан ары пиролиз газдарына қосылады. Жеңіл май *K-2*-нің түбінен *H-3* сорғы-сымен қоймаға немесе пиролиз шайырын өңдеу блогына жіберіледі.

C-2-ден шығатын су буының конденсаты көмірсутектермен ластанған, олардан тазарту үшін оны *Ф-2* сүзгісіне жібереді. Сүзгілеуден соң, конденсаттың бір бөлігі шынықтыру камерасына пиролиздік газдардың салқындауы үшін жіберіледі, ал артық мөлшері канализацияға жіберіледі. *Ф-2* сүзгісінде бөлінген, құрамында бірқатар су буының мөлшері бар жеңіл көмірсутектер *XK-2*-де конденсацияланады және *C-5* сепараторында сулы және көмірсутектік фазаларға бөлінеді.

Процестің технологиялық режимі. Түрлі шикізаттар пиролизінің қалыпты режимдері 3-кестеде келтірілген.

Тіке айдау бензинінің (I) және этандық фракция (II) пиролизінің материалдық балансы [%-бен (масс.)] төмендегідей:

	I	II
<i>Түскені:</i>		
Шикізат	100,0	100,0